



**Автор:** ЖАНДИЛДАЕВА ЖУМАГУЛ ТУЛЕНБАЕВНА  
**Пән:** Жаратылыстану  
**Сынып:** 3-сынып  
**Бөлім:** Табиғат физикасы Күш және қозғалыс  
**Тақырып:** Үйкеліс күшінің пайдасы мен зияны

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.5.1.3 үйкеліс күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3.5.1.4 күштің әсер ету бағытын анықтау 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытынды жасау
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар үйкеліс күшінің пайдасы мен зиянын атайды.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік терминология мен тірек сөздер май
Күтілетін нәтиже:	Күштің әсер ету бағытын анықтайды.
Бағалау критерийлері:	Үйкеліс күшінің пайдасына мысал келтіреді; Үйкеліс күшінің зиянына мысал келтіреді. Үйкеліс күшінің білінуін, оның пайдасы мен зиянын сипаттайды.
Құндылықтарды дарыту:	Еңбек пен шығармашылық, Қоршаған ортадағы құбылыстарды зерттеуге ынталандыру ынтымақтастықта жұмыс істеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, математика, денешықтыру
Бастапқы білім:	Үйкеліс күшін, оның түрлерін біледі, білінуіне мысал келтіреді

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	1.Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу Денсаулығын байқау 2. Ынтымақтастықты қалыптастыру «Шаттық шеңбері» арқылы бір-бірінің жақсы қасиеттерін айтады. Өмірмен байланыстыру 1. Табиғат туралы 2.Наурыз туралы 3.Өткен сабақ туралы айтып өту. 3. Топқа бөліну. Сырғанау үйкелісі. Домалау үйкелісі. Тыныштық үйкелісі. 4.Келісім шарт құру.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 минут)	<p>Үйкеліс күші табиғатта қалай байқалады? Фотосуреттермен жұмыс. - Суретте қандай үйкеліс бейнеленген? -Үйкелістер пайдалы ма әлде зиянды ма? Неліктен? Жауап: маймылдың бұтаққа жабысуына көмектеседі, пілдер қорегін түсіріп алмайды. Қосымша әдебиеттен, өз тәжірибесінен табиғатта кездесетін үйкеліске мысал тауып айту. Үйкеліс күші техникада қалай әрекет етеді? Дөңгелек (автомобильдің немесе вело-сипедтің дөңгелегі) суретін көрсету Сұрақ: -Неліктен оның беті кедір-бұдыр? (Үйкеліс пайда болуы үшін.) -Жылдың қай мезгілінде жолда үйкеліс көбірек болады? Жазда ма әлде қыста ма? (жазда). -Қыста дөңгелектердің жолға үйкелуін қалай арттырады? (Бұртабан қолданады. Оның бүрлері өткір, демек кедір-бұдыр.) -Ал мұз басқан жолдармен қалай жүруге болады? (Құм себу, ол да кедір-бұдыр.) Не ортақ? Суретпен жұмыс. -Суретте не бейнеленген? Оларға не ортақ? (сұйықтық бар.) - Қозғалтқышқа неліктен май құяды? -Мәшинелер неліктен дымқыласфальт үстінде жиі тайға-найды? -Балықты ұстап тұру неліктен қиын? Қорытынды жасау: сұйықтық үйкелісті азайтады. Зерттеу. Топтық жұмыс. Ресурстар: су толтырылған пластикалық бөтелке, сабын кесегі, резеңке қолғап-, орамал немесе майлық, кішкентай шыны бөтелке, күріш, ағаш таяқша.</p> <p>Зерттеу жүргізуге нұсқау: -Су құйылған бөтелкеге қолдың үйкелісін өзгерту үшін не істеу қажет? -Әр топта эксперимент жоспарын құру.</p> <p>1-тәжірибе -Су құйылған пластикалық бөтелкені қолға алып -Енді қолды сабындап, бөтелкені қайтадан қолмен ұстап көру. -Резеңке қолғап киіп бөтелкені ұстап көру. -Нәтижесін жазу, эксперимент барысының суретін салу.</p> <p>2-тәжірибе -Шыны бөтелкеге күріш салып,оны шайқау. -Күрішке ағаш істікті шаншып, тағы да сілкілеу. Таяқшаны тартып көру. -Нәтижесінің суретін салу. -Эксперимент жоспарын оның іс жүзіндегі өту барысымен салыстыру. Қорытынды. Үйкелісті азайту немесе арттыруға болады. Ол үшін түрлі тәсілдер қолданылады. Оқулықпен жұмыс 45 бет оқу.май туралы оқу.</p>	
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>Тақырыпты бекіту.</p> <p>Оқушылар өз таңдауымен сөйлемдерді толықтырып айтады. Үйкеліс күші туралы мен ... білемін. Үйкеліс күші туралы мен ... түсіндіре аламын. Үйкеліс күшін мен ... қолданамын. Үйкеліс күші туралы мен ... білгім келеді.</p>	
Рефлексия (3 минут)	<p>Бағдаршам</p> <p>Бағдаршамның түстерімен көрсету.</p> <p>Қызыл: Сабақ қызықсыз болды.</p> <p>Сары: Сабақ қызық болды. Мен қатысып отырдым.</p> <p>Жасыл: Мен сабақта толық қанағаттандым.</p>	